

Балалардың өмірі мен тәрбиесін ұйымдастыруды жоспарлау циклограммасы 26 - апта

Білім беру ұйымы : «Дән» бөбекжайы МКҚК

Тобы: «Бөбек» әр түрлі жастағы тобы

Балалардың жасы: 2, 3 жас.

Жоспардың құрылу кезеңі: 24.02.2025жыл - 28.02.2025 жыл.

Тәрбиешілер: Курманбаева А.Н

Шулембаева Ж.

Күн тәртібі	Дүйсенбі 24.02.2025.	Сейсенбі 25.02.2025.	Сәрсенбі 26.02.2025.	Бейсенбі 27.02.2025.	Жұма 28.02.2025.
Балаларды қабылдау.	Балаларды қабылдау: таңертеңгі сүзгі, балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау. Ойын орталықтарындағы балалардың еркін ойындары, күзгі ауа-райы, ойыншықтар, демалыс күндері, алдағы күндер туралы сөйлесеміз, балалардың тілектерін тыңдаймыз.(сөйлеу белсенділігін дамыту- сұрақтарға жауап беру, басқалардың сөйлеуін есту және тыңдау қабілеті, коммуникативті, ойын әрекеті арқылы) Сөздік қоры : Сәлеметсіз бе, Сәлеметсіздер ме!				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен, кеңес әңгімелесу.	Ата-аналармен балалардың денсаулығы, ауа-райы, киінуі бойынша әңгімелесу. Баланың жағдайы, денсаулығы туралы, баланың үйдегі күн тәртібі туралы, тәрбиесі туралы жаңадан келген балалардың бейімделу кезеңі туралы сұрақтар бойынша ата-аналармен жеке әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және	Шаттық шеңбер (музыка тыңдау-шығармашылық әрекеті арқылы айтылу сипатына сәйкес музыкалық қозғалыста. Қуанамын мен де, Қуанасын сен де. Қуанайық достарым, Арайлап атқан күнге. Әңгімелесу: «Қырауды бақылау» (танымдық, ойын әрекеті арқылы қоршаған ортамен танысу.) Міндеттер: қыраудың. Қалай болатынын түсінеді.Қырау түскен ағаштарды бақылайды.				

басқалар)	<p>Сөздік қоры: боран. Еңбек:табиғат бұрышында, ойын бұрышында , шығармашылық бұрышында. Міндеттері:табиғат бұрышында қандай еңбек жасау керек екенін біледі. Балықтарды, гүлдерді күтуде тәрбиешіге жан-жақты көмек көрсете алады. Ойын бұрышында тәртіп сақтайды және ойыншықтар жинауға көмектеседі.</p>				
Ертеңгілік жаттығу	<p>№ 1 Таңғы жаттығу кешені – (физикалық белсенділігін дамыту) «Көңілді жаттығу»</p>				
Таңғы ас	<p>Гигиеналық шаралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою). Тақпақ (қазақ тілі-коммуникативтік, ойын әрекеті) Сыртан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз. Таза болуды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз. (көркем сөзін қолдану) Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару: тамақтану мәдинетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс , әдептілікке үйрету. Балалардың ұқыптылығын бағалау. Сөздік қоры: Рақмет.</p>				
Ұйымдастырылған іс-әрекетіне дайындық	<p>Дидактикалық ойын: «Менің отбасым» (сөйлеуді дамыту көркем әдебиеті-коммуникативтік қызмет) Міндеті: отбасы мүшелері бейнеленген суреттерді қарастырады, отбасы мүшелерін, олардың әрекеттері мен өзара</p>	<p>Дидактикалық ойын: «Дауысынан тап» (көркем әдебиет-коммуникативтік қызмет.) Міндеті: ұнтаспадан шыққан дауыстың не екенін табады.</p>	<p>Дидактикалық ойын: «Түрлі түсті шарлар» (сенсорика негіздері-танымдық қызмет) Міндеті: пішіндерді атап, ажырата білуге, есте сақтау қабілетін дамыту, түстерді атай білуге үйрету.</p>	<p>Дидактикалық ойын: «Күшік пен мысық» (сөйлеуді дамыту көркем әдебиет коммуникативтік қызмет) Міндеті:ертегі кейіпкерлерін тауып жүрісін салады.</p>	<p>Дидактикалық ойын: «Өз қорегінді тап» (сөйлеуді дамыту коммуникативтік) Міндеті: әр жануардың өзінің сүйікті тағамын тауып бер.</p>

	қарым-қатынасқа түсу дағдыларын меңгереді.				
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	<p>Сенсорика , математика негіздері. (2 жас)</p> <p>«Заттарды топтастыр» ойын. Міндеті: түсі, көлемі өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру.</p> <p>Сөздік қоры: үлкен-кіші . (3 жас)</p> <p>«Мынау қай пішін?» ойыны</p> <p>Міндетті: өлшемдері қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру.</p> <p>Сөздік қоры: бірдей заттар.</p> <p>Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиеті.</p>	<p>Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиеті. (3 жас)</p> <p>«Дұрыс тап» ойын. Міндеті: дәстүрге байланысты балалармен ән айту.</p> <p>Сөздік қоры:бесік. (2 жас)</p> <p>«Не артық?» ойыны</p> <p>Міндеті: байланыстырып сөйлеу.</p> <p>Сөздік қоры:аю.</p> <p>Дене шынықтыру. «Доп» ойыны (2 жас)</p> <p>Міндеті: екі қолымен, әртүрлі тәсілдерімен әртүрлі бастапқы қалыпта 0,5-1,5метр арақашықтықтағы нысанға (төмен-</p>	<p>Дене шынықтыру (дене шынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша) (3 жас)</p> <p>«Кім жылдам» ойын. (2 жас)</p> <p>Міндеті: қолды кеуде тұсында айқастыру және екі жаққа жазу.</p> <p>Сөздік қоры:қатармен жүру.</p> <p>Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет.</p> <p>«Біздің пәтер» ойыны (2 жас)</p> <p>Міндеті: сөздер мен сөз тіркестерінің анық айтылуына назар аудара отырып, дауыс аппаратын дамыту, артикуляциялық</p>	<p>Сенсорика , математика негіздері.</p> <p>«Көзінді жұмып, қолыңмен анықта» ойын (2 жас)</p> <p>Міндеті: берілген заттардың 3-4 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды үйрету.</p> <p>Сөздік қоры: ұзын-ұқысқа. (3жас)</p> <p>«Қолымда не бар?» ойыны</p> <p>Міндеті: бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдері</p>	<p>Музыка «Менің әжем» ойын. (2жас)</p> <p>Міндеті: әнді жеке және топпен айту, әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізу.</p> <p>Сөздік қоры: ән айту. (3жас)</p> <p>«Анашым»</p> <p>Міндеті: ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету.</p> <p>Сөздік қоры:ән айту.</p> <p>Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет.</p> <p>«Бұл қай ертегінің кейіпкері» ойыны (3жас)</p> <p>Міндеті:балалармен кейіпкерлердің</p>

	<p>«Менің отбасым» ойыны. (2 жас) Міндеті:(не әкелді? кімге әкелді?) сұрақтарға жауап беруге, өз ойын айтуға үйрету. Сөздік қоры: ата, әже. «Суреттерді құрастыр» ойыны. (3) жас Міндеті: сөздік қорларын жаңа сөздерімен байыту. Сөздік қоры: әке,ана. Қоршаған ортамен таныстыру. «Бұл қандай құс?» ойыны. (2 жас) Міндеті: ненің «дұрыс» немесе «дұрыс емес» «жаман» екені туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру. Сөздік қоры: құс. (3 жас)</p>	<p>жоғары) лақтыру. Сөздік қоры: доп. Дене шынықтыру (дене шынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша) Сенсорика, математика негіздері «Ұқсас затты тап» ойыны (2жас) Міндеті:екі затты өлшемі бойынша (ұзын-қысқа, биік-аласа, артық-кем) салыстыру. Сөздік қоры: ұзын-қысқа. «Неге ұқсайды?» ойыны (3жас) Міндеті: бір затты екінші затпен бетестіру. Сөздік қоры:дөңгелек.</p>	<p>гимнастика жасау. Сөздік қоры: жиһаз. (3 жас) «Сиқырлы суреттер» Міндеті: сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту. Сөздік қоры:суреттер.</p>	<p>арқылы салыстыру. Сөздік қоры: үлкен-кіші. Қазақ тілі «Менің тобым» ойыны. (3 жас) Міндеті:сөздік қоры. Сөздік қоры: топ. Сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет «Түлкі мен тырна» ойыны.(2жас) Міндеті: сөздік тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру. Сөздік қоры:түлкі мен тырна. (3жас) «Алтын балық» ойыны Міндеті: жаңа ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдай білуге үйрету. Сөздік қоры: балық. Дене шынықтыру «Ұшты-ұшты» ойыны (2 жас) Міндеті: белгі бойынша тоқтап,</p>	<p>әрекеттері мен олардың әрекеттерінің салдарын талқылауды жалғастыру. Сөздік қоры: қоян. «Айтшы қандай?» ойыны. (2жас) Міндеті: сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру. Сөздік қоры: әтеп. Сенсорика, математика негіздері (2 жас) «Біреу және көп» ойыны. Міндеті:өлшемі бойынша әртекті заттарды салыстыру. Сөздік қоры: біреу және көп. (3жас) «Танып алда атын ата» ойыны Міндеті:салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа, бірдей</p>
--	---	--	---	---	---

	«Жүреді, жүзеді, ұшады.» ойыны. Міндеті: жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру. Сөздік қоры: машина, ұшақ, кеме.			иректелген лентаның боймен журу.. Сөздік қоры: ұшты-ұшты. Дене шынықтыру(дене шынықтыру нұсқаушысының жоспары бойынша)	тең, ені бойынша салыстыру. Сөздік қоры: заттар.
Ұйымдастырылған іс-әрекеттер арасында сергіту сәттерін өткізу.					
№ 1 серуенге дайындық	Балалардың дербес қимыл белсенділігі үшін жағдай жасау, спорттық ойын жабдықтары мен спорттық жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы балалармен әңгімелесу. Балаларды реттілікпен киінуін (ауа райына байланысты) бақылау (сөйлеу дамыту, өзіне- өзі қызмет көрсету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)				
№ 1 серуен	Бақылау: қар үстіндегі іздерді бақылау. Міндеті: қар үстіндегі адамдардың, жануарлардың, құстардың ізін айырып, білуге үйрету. Балаларды байқағыш, ойлау қасиеттерін қалыптастырып, толықтыра түсу. Қар үстіндегі іздерге	Бақылау: бұлтты бақылау. Міндеті: бұлттың түзілуі және олардың түрлерін: шарпы, будак, қабатты бұлттарды ажырату. Еңбек: топтағы гүлдерді суару. Міндеті: Балаларды қоршаған әлемге қамқорлықпен қарауға, табиғат әсемдігін сезіне білуге тәрбиелеу.	Бақылау: аязды бақылау. Міндеті: қыс мезгіліндегі күннің суықтығы аяз. Аяздан бетіміз бен қолымыздың тоңатынын, үсіріп жіберуі де мүмкін екенін, сол үшін де қолғап, мойын орауыш тағатынымызды түсіндіру. Еңбек: ауладағы қарды күреу. Міндеті: балаларды еңбек	Бақылау: жаңбырды бақылау. Міндеті: жаңбырды бақылай отырып, оның бұлттан жауатындығы және түрлерін айтып түсіндіру. Жай жаңбыр, өткінші жаңбыр, нөсер жаңбыр. Еңбек: ағаш түптеріне қар жинау. Міндеті: Балаларды еңбек сүйгештікке тәрбиелеу, өздеріне берілген тапсырманы	Бақылау: желді бақылау. Міндеті: Желдің түрлерімен таныстыру; салқын жел, жылы жел, ұйытқыш соққан жел. Желдің күштілігі ауа - райының салқындығын түсіндіру. Еңбек: «Әдемі гүлдер» Міндеті: Гүлзардағы гүлдерді суару. Өсімдіктерге қамқор

	<p>назар аударып, оны анықтай білуге көңіл қою. Ауа райының қай кезінде іздер жақсы көрінеді. Ақ киімді денелі, ақ сақалды, Соқыр, мылқау танымас тірі жанды. Үсті-басы ақ қырау түсі суық. Басқан жері сырқалап келіп қалды. Еңбек: құстар үшін жемсалғыш жасап оны ағашқа іліп қою, жем салу. Мақсаты: қыстаған құстарға, хайуанаттарға камқоршы болуға тәрбиелеу. Қимылды ойын: «Ақ қоян» Мақсаты: балаларды ептілікке баулу. Жеке жұмыс: жібермесен қысқа қыста, сауабы тиер</p>	<p>Жеке жұмыс: Аспанға ұшар бу болып Жерге қайтар су болып. (Бұлт) Міндеті: Жұмбақ жаттата отырып, балалардың тіл байлығын байыту, дыбыстардың дұрыс айтуын қадағалау. Ойлау қабілетін арттыру. Қимылдық ойын: «Соқыр теке» Дербес ойындар: 1. Әткеншек тебу. 2. Тартылғышқа тартылу.</p>	<p>сүйгіштікке, бірлесіп жұмыс жасауға үлкенге көмек беруді үйрету. Күректі дұрыс ұстауға үйрету. Қимылдық ойын: «Сырғанақ тебу» Міндеті: балаларды ұйымшыл тату ойнауға, шанамен ойнауға шақыру, таудан төмен сырғанау әдісін үйрету. Жеке жұмыс: Терезеге қонады, Әсем ою ояды. (Аяз) Міндеті: жұмбақ жаттау арқылы есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын молайту.</p>	<p>тиянақты орындауын қадағалау. Жеке жұмыс: Ал керемет бұл қандай? Төгіледі төбеден. Көк теңізден құйғандай Көл - көсір су не деген? (Жаңбыр) Міндеті: Жұмбақ жаттата отырып, балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыру, сөздік қорларын дамыту, сөзді мәнерлі айтуға дағдыландыру. Қимылдық ойын: «Сұр қоян»</p>	<p>болу, аялау, күту. Жеке жұмыс: Тақпақ. «Жел» Міндеті: Балаларға жел туралы өлең жаттату арқылы тілдегі дауыс ырғағының мәнерлілігін сезіне білуге мүмкіндік туғызу. Жел улейді у - у - у. Құйын келіп билейді зу - зу - зу Қатты - қатты жел соқты гу - гу - гу, Жапырақтар қол соқты ду - ду - ду. Қимылдық ойын: «Орамал тастау»</p>
--	--	---	---	--	---

	оның жазда.				
Серуеннен оралу	Жүйелі түрде шешіну, киімді шкафқа салу, қолды жуу.				
Түскі ас	<p>Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою</p> <p>Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз. (көркем сөзін қолдану)</p> <p>Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару : тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс, этикет ережелері.</p> <p>Балалардың ұқыптылығын бағалау.</p> <p>Сөздік қоры: Рақмет.</p>				
Күндізгі ұйқы	<p>Тамақтан соң ауыздарын сумен шаюды қалыптастыру.</p> <p>Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағыту. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сереге) қоюды, өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Ұйқы кезінде бала басына көрпені жауып, мұрнын жастыққа көміп тастамауын, жастықта баланың денесі емес, тек басы жатуын қадағалау. (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</p> <p>Ертегі оқу. «Әнші қоян»</p> <p>Мақсаты: Балаларға шын көңілден шаттық көңіл күй сыйлау. Балаларды ертегінің мазмұнын дұрыс түсініп, сұраққа жауап беруге үйрету. Ертегі кейіпкерлерінің іс — әрекетін сезіну және одан әсер алу, қызығушылық әрекетін қабілеттерін ояту. Ертегілер арқылы балаларды адамгершілікке, мейірімділікке және адалдыққа тәрбиелеу.</p> <p>(көркем әрекет-коммуникативті қызмет)</p> <p>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау.</p>				
Біртіндеп ояну, сауықтыру шаралары	<p>№ 1 кешен: Түскі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары (дене жаттығулары), ауа, су емшаралары, жалпақ табандылықты болдырмау үшін түйіршікті және жұмсақ жолақшалармен жүру (дене белсенділігі). Киімдерін реттілікпен өздігінен киіну. Түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімдерін дұрыс киюді үйрету. Қыз балаларды шаштарын тарауға үйрету (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту).</p> <p>Қолдарын жуу, құрғатып сүрту, сүлгіні өз орнына іліп қоюды үйрету</p> <p>Шомылған баланы,</p>				

	<p>Аймалап алады. Сүртеді қолынды, Сүртеді жоныңды. (мәдени-гигиеналық дағдылар).</p>				
Бесін ас	<p>Кезекшілердің жұмысы (асхана аспаптарын, салфеткаларды салу) Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою) Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз (көркем сөзін қолдану) Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; этикет ережелері; Балалардың ұқыптылығын бағалау. Сөздік қоры: қолды жуу, сүлгі, ас болсын!</p>				
Балалардың дербес іс- әрекеттер	<p>Ойын: «Бағдаршам» (2 жас) (сурет салу, жапсыру, құрастыру, мүсіндеу-ойын, шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекет) Міндеті: ересектерімен бірлескен әрекеттерге қызығушылықты ояту. Сөздік қоры: бағдаршам.</p>	<p>Ойын: «Көліктерді гаражға орналастыр» (3жас) (сурет салу, жапсыру, құрастыру мүсіндеу-ойын , шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекет) Міндеті: құрастырған құрылыспен сюжетті ойыншықтарды қолданып ойнатуды жалғастыру. Сөздік қоры:гараж .</p>	<p>Эстафеталық жарыс « Әке, анам және мен спорт сүйер жанұя» Ойын: «Алма» (2 жас) (салу, жапсыру, құрастыру, мүсіндеу-ойын, шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті) Міндеті:мүсіндеуде пішіннің жоғары бөлігін саусақпен басып, терендету,кесіктерді біріктіру. Сөздік қоры: алма.</p>	<p>Ойын: «Бұлт» (3жас) (сурет салу, жапсыру, құрастыру, мүсіндеу-ойын шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті) Міндеті:табиғи материалдарды қолданып ойнауға үйрету. Сөздік қоры: бұлт.</p>	<p>Ойын: «Ою құрастырайық» (2 жас) (сурет салу, жапсыру, құрастыру, мүсіндеу-ойын, шығармашылық, коммуникативтік, ойын әрекеті) Міндеті:ересектерімен бірге түстерді таңдауға (қарама-қарсы түстер) Сөздік қоры: ою .</p>

<p>Балалармен жеке жұмыс</p>	<p>Балаармен жеке жұмыс жеке карталарға сәйкес жүргізіледі: әңгіме, дидактикалық ойындар, сөйлеудің дыбыстық мәдениеті, байланыстырып сөйлеу, бейнелеу өнері арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту және т.б.(сөйлеудің дамыту, математика негіздері)</p>				
	<p>Ойын:«Артығын тап» (сөйлеу дамыту коммуникативтік қызмет) Міндеті: тіл байлықтарын, сөздік қорларын молайту.Тапқырлық қабілеттерін дамытып, ойынға деген қызығушылықтарын дамыту. 2 жас Амангелді Алуа. Бейсенов Алан. Жакупбекова Айша Қанат Дарын Тасболат Ұлан</p>	<p>Ойын :«Нені қайдан алуға болады? » (сөйлеуді дамыту коммуникативтік қызмет) Міндеті:қажетті заттарды тани, талдай білуге, нені қайдан алуға болатынын үйрету, сөздік қорларын байыту. 3 жас Ашмұхатова Айсана Гуменьяк Милана Жұматай Шах-Керім</p>	<p>Ойын: «Үй жануарларының төлдерін атауға үйрету.» (сөйлеуді дамыту- ойын, танымдық және коммуникативтік қызмет) Міндеті: үй жануарлардың төлдеріне мейірімді сөздер айту. 2 жас Слипченко Макар Курманбаев Нияр Есен Бекзат</p>	<p>Ойын: «Дүкенші» (сөйлеуді дамыту) Міндеті: балаларға мамандықтар туралы түсінік беру.Рольге бөліп ойнауға үйрету және оларды айыра білу. 3 жас Досанов Ислам Утенова Тамила Хажбатыров Джохар</p>	<p>Ойын: «Тез -ақырын» (сөйлеуді дамыту) Міндеті:балаларға тақпақтарды жаңылтпаштарды тез ақырын айтуға үйрету. 2 жас Тағар Темірлан Ержан Батыр Закревская Лиана</p>
<p>Кешкі ас</p>	<p>Гигиеналық процедуралар (қолды дұрыс жуу, сүлгінің орнын білу, қолды дұрыс сүрту және сүлгіні іліп қою) Үлкендердің – көмекшінің, мұғалім мен аспаздың еңбегін құрметтеп, бағалауды үйренеді. Сөздік қоры: Рахмет. Сырттан келіп үнемі, Сабынмен қол жуамыз, Таза болды мұнтаздай, Тағамға қол созамыз (көркем сөзін қолдану) Тамақтану балалардың назарын тағамға аудару; тамақтану мәдениетін тәрбиелеу бойынша жеке жұмыс; этикет ережелері; Балалардың ұқыптылығын бағалау.</p>				

№ 2 серуенге дайындық	<p>Серуенге қызығушылықты арттыру. Балалардың реттілікпен киінуі, серуенге шығу, топтық ережелерді қайталау «Киімді қалай киюге болады?» әңгіме Киімдердің тазалығын сақтау қажет. Киінгенде киімнің түймесінің дұрыс қадап, көйлекті шалбардың немесе юбканын ішіне салынғанын қадағалау керек. Шұлықтың, аяқ киімнің оң киілуіне баса назар аудару керек. (Сөйлеуді дамыту-коммуникативті қызмет)</p>				
№ 2 серуен	<p>Ауа-райы құбылыстарын және табиғи объектілерді бақылау (қоршаған ортамен танысу, танымдық және зерттеу әрекеті), әңгімелесу (сөйлеуді дамыту), ересектердің көмегімен ұйымдастырылған спорттық, қимылды және ұлттық ойындар (дене белсенділігі), еңбек әрекеті.</p>				
	<p>Кешен №1 бекіту Қимылды ойын: «Ұшақтар» Міндеті: ойын мазмұнына сай қимылдар жасайды, шапшаң, жылдам болуға дағдыланады. (дене қозғалысы)</p>	<p>Қимылды ойын: «Айтшы қандай?» Міндеті: шапшаң, жылдам болуға дағдыланады. (дене қозғалысы)</p>	<p>Қимылды ойын: «Хан талапай» Міндеті: шапшаң, жылдам болуға дағдыланады. (дене қозғалысы)</p>	<p>«Керісінше айт» Міндеті: ойын мазмұнына сай қимылдар жасайды, шапшаң, жылдам болуға дағдыланады. (дене қозғалысы)</p>	<p>Қимылды ойын: «Мені қуып жетіндер.» Міндеті: шапшаң, жылдам болуға дағдыланады. (дене қозғалысы)</p>
Балалардың үйлеріне қайтуы	<p>Ата-аналармен жұмыс: балалармен жасаған жұмыстар туралы әңгімелесу. Отбасылық әдеби кеш өткізу. Сөздік қоры: Сау болыңыз! Сау бол!</p>				

24.02.2025 м.
 Телескіші: *Асия*
 Сабонова Ч.А.